

Ақсу қалалық мәслихатының 2019 жылғы 15 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ақсу қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 313/42 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 476/71 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 511 қаңтарда № 7179 болып тіркелді. Күші жойылды – Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 40/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 30.04.2021 № 40/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6–бабының 2–3–тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес, Ақсу қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақсу қалалық мәслихатының 2019 жылғы 15 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ақсу қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 313/42 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6373 болып тіркелген, 2019 жылғы 29 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешімімен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ақсу қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

6 - тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасында атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі:

- 1) 15 ақпан – Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні;
 - 2) 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні;
 - 3) 7 мамыр - Отан қорғаушы күні;
 - 4) 9 мамыр – Жеңіс күні;
 - 5) 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні;
 - 6) қыркүйектің екінші жексенбісі - Отбасы күні;
 - 7) қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні;
 - 8) 1 қазан - Қарттар күні;
 - 9) 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні.";
- 7 - тармақтың 7-8) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:
"7-8) 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар;"
- 7 - тармақтың 8-5) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:
"8 - 5) облыстың жоғары оқу орындарында қала әкімінің гранты бойынша оқитын студенттер, сондай-ақ "Семей медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамында оқитын интерн-студенттер;"
- 7 - тармақ келесі мазмұндағы 12) тармақшасымен толықтырылсын:
"12) сотпен немесе Қазақстан Республикасының "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Заңында белгіленген тәртіппен саяси қуғын-сүргіндер құрбаны немесе саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккен деп танылған азаматтарға.";
- 8 -тармақтың 1-1) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:
"1-1) Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін шығару күніне, Отан қорғаушы күніне, Жеңіс күніне, Саяси қуғын - сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне, Отбасы күніне, Еңбек күніне, Қарттар күніне 7 - тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 6), 6-1), 7-8), 12) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін уәкілетті ұйымның тізімі негізінде;"
- 8 -тармақтың 2-4) тармақшасы алынып тасталсын;
- 8 -тармақтың 3-1) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:
"3 - 1) 7 - тармақтың 2), 3), 5) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін, атап айтқанда: оқу жиындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілерге, Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының (бұдан әрі – КСР Одағы) аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілеріне, Ауғанстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсеткен,

жарақат, контузия алған немесе мертiккен не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерiмен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшiлерге, Тәжiкстан-Ауғанстан учаскесiнде Тәуелсiз Мемлекеттер Достастығының шекарасын қорғауды күшейту жөнiндегi мемлекетаралық шарттар мен келiсiмдерге сәйкес мiндеттерiн орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшiлерiне, Ирактағы халықаралық бiтiмгершiлiк операцияға бiтiмгерлер ретiнде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшiлерiне, Таулы Қарабахтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшiлерге, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы iшкi iстер және мемлекеттiк қауiпсiздiк органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына, 1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектiлердегi басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тiкелей қатысқан адамдарға, бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтiң өзге де мiндеттерiн басқа кезеңдерде атқару кезiнде жаралануы, контузия алуы, мертiгуi салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргiзiлген басқа да мемлекеттерде әскери қызметiн өткеру кезiнде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшiлерге, Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектiлердегi басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедек болған адамдарға және мүгедектiгi ата-анасының бiрiнiң радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балаларына, 1988 – 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күнi құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшiру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркiмен кеткен) адамдарға, 1979 жылғы 1 желтоқсан – 1989 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүргiзiлген басқа да елдерге жұмысқа жiберiлген жұмысшылар мен қызметшiлерге, бұрынғы КСР Одағы Мемлекеттiк қауiпсiздiк комитетiнiң Ауғанстан аумағында уақытша болған және кеңес әскерлерiнiң шектеулi контингентiнiң құрамына енбеген жұмысшылары мен қызметшiлерiне –Үлгiлiк қағидалардың 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетiлген құжаттарды қоса бере отырып, өтiнiш, санатын растайтын құжаттың көшiрмесi негiзiнде сауықтыруға 10 (он) АЕК мөлшерiнде;"

2. Осы шешiмнiң орындалуын бақылау Ақсу қалалық мәслихатының экономика және бюджет жөнiндегi тұрақты комиссиясына жүктелсiн.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсу қалалық мәслихатының сессия төрағасы

М. Мукашев

Ақсу қалалық мәслихатының хатшысы

М. Омарғалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК